

ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ (МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)


Қаржаубаева А.

Система показателей благосостояния населения в Мангистауской области. Важное значение для характеристики благосостояния населения имеют совокупные доходы всего населения, семьи, отдельного человека. Рост совокупных доходов свидетельствует о повышении возможностей населения для удовлетворения своих потребностей.

The system of index of life of people in Mangistau oblast is example. The level of life, is a level of development of necessity terms and level of meeting the needs of people at society. The level of life of a person is defined by concrete earning yield, that is to bus some material worth and services.

Нарық жағдайында үдей түсетін түбегейлі жанданулар орын алған жағдайларда халықтың тұрмыс деңгейі, әл-ауқаты мәселелері қоғамның назарында болады. Тұрмыс деңгейі қоғамда тіршілік ететін адамның қажеттіліктерінің дамуы мен қанағаттандырылуы дәрежесін білдіреді.

Тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер негізгі екі топқа бөлінеді: интегралды және жеке көрсеткіштер (Сурет 1).




Сурет 1 - Тұрмыс деңгейі көрсеткіштерінің жүйесі [1]

Тұрмыс деңгейі негізінен жан басына шаққандағы нақты табыс көрсеткіші арқылы, яғни адам өзінің атаулы табысына сатып ала алатын материалды игіліктері мен қызметтер көлемімен анықталады. Нақты табыстың өсуі, әдетте тұрмыс сапасының жақсаруымен жалғасады.

Интегралды көрсеткіштер тұрмыс сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Тұрмыс сапасы – адамдардың материалды және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуының сапасын (бос уақыттың құрылымы, тамақтану сапасы, қоршаған ортаның сапасы, т.с.с.) көрсетіп, тұрмыс деңгейін толықтай бағалауға мүмкіндік береді.

Тұрмыс деңгейін сипаттайтын жекелеген көрсеткіштерінің серпінін Маңғыстау облысы мысалында қарастырайық.




Сурет 2 - 2005-2008 жж. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ серпіні, мың АҚШ \$ [2]

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2008 жылы облыс бойынша жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнім – 19 мың АҚШ долларын құрады (республика өңірлері арасында 2-орын), бұл - республикалық орташа көрсеткіштен 2 есе асып түседі (7,7 мың доллар).

Маңғыстау облысында сатып алу қабілеті шамасы бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ серпіні 2008 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге немесе 131 пайызға өскен. Бұл – облыс халқының тұрмыс деңгейінің жақсарғандығын білдіретін өте жоғары көрсеткіш.

Халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіш болып халықтың ақшалай табыстары табылады. Маңғыстау облысындағы орташа айлық атаулы жалақы мен жан басына шаққандағы ақшалай табыстардың мөлшерінің жылдан жылға өсу қарқынын келесі 3-суреттен көруге болады.

Халықтың атаулы ақшалай табыстарының мөлшері жылдан жылға өсіп келеді. Мәселен 2008 жылы халықтың айына жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары 2005 жылмен салыстырғанда шамамен 1,5 есеге немесе 48,9 пайызға өскен. Сондай-ақ облыс бойынша бір жұмысшының алатын айлық атаулы жалақысы да соңғы төрт жыл ішінде 54,3 пайызға артқан.



Сурет 3 – 2005-2008 жж. Маңғыстау облысындағы халықтың атаулы ақшалай табыстары мен айлық атаулы жалақының серпіні [3]

Халықтың атаулы табыстары әртүрлі көздерден қалыптасады. 2001-2005 жылдар аралығында облыста халықтың ақшалай табыстарының құрылымында әлеуметтік трансферттер едеуір үлес (шамамен 18 пайыздай) алды. Экономикадағы жүйелі шаралар, жағдайды тұрақтандыру, еңбекақыны реттеу саласындағы оң беталыстар, соңғы жылдары жаңа жұмыс орындарын көптеп құру, шағын кәсіпкерлікті несиелеу, жұмыссыздарды қайта оқыту шараларының арқасында соңғы төрт жыл ішінде қызметтен түскен табыстың үлесі 18,1 пайызға өскен.

Кесте 1 – Халықтың ақшалай табыстары мен шығындарының құрылымы [3]

пайызбен

Жылдар	Ақшалай табыстар				Ақшалай шығындар						
	Барлығы	Қызметінен түскен табыс	Әлеуметтік трансферттер	Басқа ақшалай табыстар	Барлығы	Азық-түлік тауарлары	Азық-түлік емес тауарлары	Ақылы қызмет	Жақындарына қаржылық көмек	Салықтар, төлемдер	Несиені жабу
2005 жыл	100	89,0	8,8	2,2	100	37,7	33,1	27,1	1,5	0,2	0,4
2006 жыл	100	90,4	8,0	1,6	100	36,1	33,0	29,2	1,1	0,0	0,6
2007 жыл	100	91,6	7,1	1,3	100	37,8	31,9	29,4	-	0,1	0,8
2008 жыл	100	90,8	7,0	2,2	100	30,6	43,3	24,4	-	1,2	1,4

Ескертпе: Маңғыстау облысы Статистика Басқармасы мәліметтері бойынша дайындалды.


Халықтың тұрмыс деңгейінің тұжырымды көрсеткіштерінің бірі болып азық-түлік тауарларына жұмсалған шығыстар үлесі табылады: ол отбасының материалдық молшылығы неғұрлым көп болса, соғұрлым ол төмен болады. Соңғы төрт жыл ішінде облыста халықтың тұтыну шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалған қаражат үлесінің айқын төмендегені (18,8 пайыздай) байқалады. Ал азық-түлікке жатпайтын тауарларды алуға жұмсалған шығыстардың үлес салмағы 2005 жылы 33,1%-дан 43,3 %-ға дейін өскен және қызмет көрсету үшін жұмсалған төлем (тиісінше 27,1%-дан 24,4%-ға) азайған. Сондай-ақ тұтынуға жатпайтын шығыстардың арасында соңғы жылдары несие міндеттемелерін өтеумен байланысты жұмсалған шығыстар үлесі (тиісінше 0,4%-дан 1,4%-ға дейін) өскен.

Облыс халқының тұрмысы мен тұтыну стандарттарының өзгеруі, білім беру мен байланыс жүйелер қызметтеріне, пәтер үй жөндеуге, ұзақ пайдаланылатын тауарларды сатып алуға және басқа да шығыстардың үзілмей белсенді түрде өсуі сияқты беталыстарды көрсетеді.

Тұрғын үй қорының болуы, оның жағдайы мен бөлінуі елдің экономикалық дамуы және азаматтарының әл-ауқаты деңгейінің маңызды индикаторы болып табылады. Азаматтар тұрғын үймен қамтылу үшін жағдай

жасау, оның көркейтілуін және сапасын жоғарылату Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бөлігінің бірі.


Тұрғын үй саясатын жүзеге асыру мақсатында, 2004 жылы 30 маусымда Облыстық мәслихаттың № 6/77 шешімімен Маңғыстау облысында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасында үш жылда 857,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру қарастырылды. 2005-2008 жылдардағы облыста тұрғын үй қоры мен азаматтардың тұрғын үймен қамтылу серпінін келесі суреттен көруге болады.



Сурет 4 – Маңғыстау облысында халықтың тұрғын үймен орташа қамтылуы [3]

«Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасының» арқасында соңғы төрт жылда облыста тұрғын үй қоры 11,5 пайызға, ал осы кезең ішінде сәйкесінше тұрғындардың үймен қамтамасыз етілу көрсеткіші не бары 4,7 пайыз ғана өскен. Бұл алаң өсімі тек қамтылу өсуіне ғана емес, сонымен қатар халық санының өсіміне «жұмсалатынымен» түсіндіріледі. Дегенмен облыста халықтың тұрғын үймен қамтылу көрсеткіші республикалық деңгейден (онда қамтылу деңгейі 19,5%) шамамен 25 пайызға төмен.

Тұрмыс деңгейінің келесі маңызды көрсеткіші – азаматтардың білім алуы. Қоғам мен жеке адамның қажеттіліктеріне сай сапалы білім алуға мүмкіндіктің болуы адамның өмір сүруінің маңызды шарттарының біріне айналды. Халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер халықтың сауаттылық деңгейі, сәйкесінше жас бойынша білім беру орындарының барлығында оқитындардың үлес салмағы болып есептеледі (Сурет 4).



—■— Маңғыстау облысы бойынша білім беру орындарында оқытындардың үлес салмағы, %
—◆— Қазақстан Республикасы бойынша білім беру орындарында оқытындардың үлес салмағы, %

Сурет 5 - Білім беру орындарының барлығында оқытындардың үлес салмағы [3]

Суреттен облымызда білім беру орындарда оқытындардың үлесі 2008 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 3,3 пайыздық пунктке өскенін көреміз. Бұл көрсеткіш республикалық деңгейден төмен болса да, облыста білім алу мүмкіндігі салыстырмалы жоғары деген қорытынды жасауға негіз береді.

Денсаулық сақтау жүйесі халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын және қол жетімділігін, соңғы нәтижесінде халықтың денсаулығын жақсартып, өмір сүру сапалығын арттырады.

Кесте 2 – Маңғыстау облысы денсаулық сақтау ісінің негізгі көрсеткіштері [3]

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008
Барлық мамандықтағы дәрігерлер саны, мың адам	1,2	1,4	1,4	1,6
10 000 адамға шаққандағы дәрігерлер саны, адам	31,8	36,7	36,3	37,3
Орта медициналық қызметкерлер саны, мың адам	3,4	2,9	3,5	3,9
10 000 адамға шаққандағы орта медициналық қызметкерлер саны, адам	79	75,7	88,1	91,0
10 000 адамға шаққандағы аурухана төсегінің саны, бірлік	72,0	69,3	68,8	74,4
10 000 адамға шаққандағы ауруға шалдыққандар, адам	79977,1	75148,8	76031,3	78434,2

Ескертпе: Маңғыстау облысы Статистика Басқармасының мәліметтері негізінде дайындалды.

Азаматтардың денсаулық сақтау тұрғысынан алғанда тұрмыс деңгейін олардың орта есеппен дәрігерлермен, орта медициналық қызметкермен қамтамасыз ету деңгейі, сондай-ақ халықтың ауруға шалдығуы анықтайды.

2-кестеден облыста дәрігерлер санының 2005-2008 жылдар ішінде 400 мың адамға, сондай-ақ орта медициналық қызметкерлер саны да аталған кезеңде сәйкесінше 500 мың адамға артқанын көреміз. 10 мың адам халыққа дәрігерлермен қамтылу көрсеткіші тиісінше 31,8 адамдан 37,3 адамға дейін өсті. Осындай жағдай, орта медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етілуде де қалыптасты (12 адамға өскен). Бұл жағдай жалпы облыс бойынша бір дәрігерге келетін жүктеменің төмендеуін білдіреді.

Облыста халықтың медицина мамандарымен қамтамасыз етілуі жағымды серпін алғанымен де, соңғы үш жыл ішінде облыста 10 мың адамға шаққандағы ауруға шалдыққандар саны 3 285,4 адамға көбейген. Бұл мәселе облыс аумағында өткір мәселелердің бірі болмақ.

Сонымен, Маңғыстау облысы бойынша тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді талдай келе, келесі қорытындыларға келуге болады:

–Тұрмыс деңгейіне әсер еткен негізгі фактор жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің өсуі болып табылады. Оның өсім қарқыны – 131 пайыз;

–Облыс халқының атаулы ақшалай табыстарының мөлшері 2008 жылы 2005 жылмен салыстырғанда шамамен 1,5 есеге немесе 48,9 пайызға өскен. Сондай-ақ облыс бойынша бір жұмысшының алатын айлық атаулы жалақысы да соңғы төрт жыл ішінде 54,3 пайызға артқан;

–Тұрғындардың үймен қамтамасыз етілу көрсеткіші соңғы төрт жыл ішінде 4,7 пайыз өскен. Алайда бұл көрсеткіш республикалық деңгейден (онда қамтылу деңгейі 19,5%) шамамен 25 пайызға төмен;

–Облыста білім беру орындарда оқитындардың үлесі жылдан жылға өсіп келеді, дегенмен республикалық деңгейден 3 пайыздық пунктке төмен;

–Денсаулық мәселесі қиын жағдайда тұр: ауруға шалдыққандар санының орташа республикалық көрсеткіштерден жоғары болуы, медициналық құралдардың халықаралық стандартқа сай келмеуі;

Қорытынды

Дегенмен соңғы жылдары орын алған әлемдік қаржы және экономикалық дағдарысқа қарамастан облыста экономиканың өсімі мен әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығы сақталып отыр. Халықтың тұрмыс деңгейін арттыру шаралары мемлекеттің сындарлы саясатының басым бағыттарының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Матаева Б.Т. Рыноктық қатынастар жағдайындағы қызмет аясының даму үрдісі. Автореферат. - Қарағанды, 2003
2. Облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың Жаңаөзен қаласында қорытынды есеп беру сөзінің тұжырымдамасы, 27 қаңтар 2009 жыл
3. Маңғыстау облысының аймақтық статистикалық жылнамасы, 2009 жыл.